

## 1 Теориялық материал

### Кәсіпорын ұғымы, экономикалық негізі Әртүрлі белгілер бойынша салалардың топтастырылуы Ұйымдық-құқықтық нысандарына байланысты кәсіпорындар бөлінуі

Тақырыптың мақсаты: Бүгінде нарықтық экономикалық қатынастар орнаған жағдайда өнеркәсіптік кәсіпорындардың классификациясын түсіну, өндірістік шаруашылық қызметте алатын орнын анықтау.

Кәсіпорын экономиканың негізгі буыны, дербес шаруашылық субъектісі.

Кәсіпорын — экономиканың даму сатысының негізгі бір бөлігі болып табылады. Өйткені кәсіпорындарда қоғамға қажетті өнім шығарылады және қызметкерлер мен жұмыс құралдарының арасында байланыс орнатылады. Еркін өнеркәсіп кәсіпорны дегеніміз өндірістік-техникалық, ұйымдастыру – әкімшілік және шаруашылық еркіндігі бар өндіріс бірлігі. Кәсіпорындар белгілі бір өндіріс өнімін шығару үшін, не болмаса жұмыс атқару үшін, әр түрлі қызметтерді көрсету арқылы қоғамның қажеттілігін қанағаттандыру және пайда табу мақсатында құрылады.

Өндірістік жүйе ретінде кәсіпорынның ішкі және сыртқы ортасы болады.

Сыртқы ортаға - экономикалық саясат, құқықтық жағдай, экономикалық, әлеуметтік, экологиялық және технологиялық жағдайлар жатады.

Ішкі ортаға - еңбек ресурстары, техника және технология, бәсекелестік, маркетинг және т.б. жатады.

Кәсіпорынның нарықтық экономикадағы негізгі мақсаты - бәсекелесуге қабілетті өнім шығару арқылы неғұрлым көп пайда табу және ең аз шығынмен барынша көп пайда табу негізінде сұранысқа ие және бәсекелесуге қабілеті бар өнім шығару.

Кәсіпорынның басты мақсаты ол қажетті өнімді өндіру және неғұрлым аз шығын жұмсап, жоғары сапалы өнім шығару. Кәсіпорын өндірістік техникалық, ұйымдастырушылық және экономикалық процесстер сипатынан тұрады. Әр-түрлі саладағы өнеркәсіптік кәсіпорындар өзара ортақ белгілерге ие сондықтан оларды топтарға немесе классификацияға бөлінеді.

Ұйымдық-құқықтық нысандарына байланысты кәсіпорындар бөлінеді:

*Жеке кәсіпкерлік* – бір адам ғана айналысатын бизнес. Оның мүлігі мен жауапкершілігі шектелмеген. Жеке кәсіпкерліктің кемшілігі – капиталдың аз мөлшерде болуы. Артықшылықтары: меншік иесінің әрқайсысы барлық пайданы иемденеді, кез келген өндірісті өзі жасай алады, ол тек табыс салығын төлейді және корпорация үшін бекітілген салықтан босатылған. Бұл ұсақ дүкендерге, қызмет көрсету саласындағы кәсіпорындарға, фермаларға, заңгерлік іс-әрекеттерге тән бизнестің кең тараған түрі.

*Толық серіктестік* – бір-біріне жеке сенім артқан заңды ұйымдардың немесе жеке адамдардың бірлестігі, онда қатысушылардың бәріне

серіктестіктің міндеттемелері бойынша өздерінің барлық мүлкімен ынтымақты жауапкершілік жүктеледі. Қатысушылардың жарналық үлестері, алынған табыстар мен басқа да заңды көздер есебінен құралған серіктестік мүлкі ортақ меншік құқығы негізінде оның барлық қатысушыларына тиесілі. Толық серіктестікке қатысушылар заңды ұйымдар дербестік пен заңды ұйым құқығын сақтайды. Жарғылық қоры минималды есептік коэффициент 25 өлшемінен кем болмауы керек.

*Коммандиттік серіктестік* – сауда немесе коммерциялық қоғамның бір түрі, оның қатысушылары кәсіпорын бойынша қауіп қатерді өзінің барлық мүлкімен толық мойнына алушыларға және коммандистерге немесе кәсіпорынға жұмсалғаны үшін ғана жауап беруші және пайдадағы үлесін ғана алушы салымшыларға бөлінеді (100 айлық есептік көрсеткіш).

*Жауапкершілігі шектеулі қоғам* – фирма қызметіне қатысушы адамдардың бірлестігі, бұл бірлестікте қатысудың әрқайсысының фирманың міндеттемелері бойынша жауапкершілігі оның барлық қатысушылары үшін әрбір қатысушы үлесінің мөлшеріне бірдей қосқан үлесімен шектеледі.

*Қосымша жауапкершілігі бар қоғам* – қатысушылары өздерінің жарғы қорына қосқан үлесіне байланысты міндеттемелерге жауап беретін қоғам.

*Акционерлік қоғам* – жарғы қоры бар кәсіпорын, оның капиталы көптеген жеке капиталдарды біріктіру нәтижесінде, акцияларды шығарып, сату арқылы құралады және оның пайдасын акционерлер дивиденд түрінде бөліседі. Қоғамның әрбір мүшесінің жауапкершілігі оның акцияларының құнымен шектеледі.

*Өндіріс кооперативтері* – азаматтардың еркін түрде біріккенін білдіретін заңды тұлға.

Кәсіпорындар бірлестігі. Кәсіпорындар ассоциацияларға, концерндерге, холдингтерге, салааралық, аймақтық және басқа да бірлестіктерге біріге алады. Бірлестіктер келісім-шарт негізінде кәсіпкерлік әс-әрекетті үйлестіру, ортақ мүліктік қызығушылықтарын қорғау және кәсіпорынды кеңейту мақсатында құрылады.

*Картель* – монополистік бірлестіктер нысандарының бірі, оған қатысушылар монополиялық пайда табу мүддесін көздеп, баға туралы, өткізу рыногы туралы, өндіріс көлемі туралы, патенттер алмасу туралы, жұмыс күшін жалдау шарттары туралы келісім жасасады.

*Синдикат* – кәсіпкерлер бірлестігі, ол өзіне кіретін кәсіпорындардың өндірістік және заңды дербестігін сақтай отырып, бүкіл коммерциялық қызметті жүзеге асыруды мойнына алады.

*Трест* – кәсіпорындарды біріктіру нысаны, мұнда олар өзінің шаруашылық және заңды ұйым дербестігінен айырылады, бірыңғай жоспар бойынша жұмыс істейді. Басқаруды орталықтандырудың неғұрлым жоғары дәрежесімен, сондай-ақ, қызметтің едәуір дәрежеде әртараптандырылуымен сипатталады.

*Концерн* – көп салалы монополистік өнеркәсіп бірлестігінің қазіргі экономикалық жағынан үстем нысаны. Өндірісті әртараптандыруға сүйене

отырып, концерндер өзінің құрамында ондаған, жүздеген әр түрлі кәсіпорындарды, ғылыми-зерттеу мекемелерін, оқу орталықтарын және орасан зор экономикалық кешеннің қызметін қамтамасыз ететін басқа да көптеген буындарды біріктіреді. Концернге кіретін кәсіпорындар сөз жүзінде дербес кәсіпорындар болып қалады, ал іс жүзінде концернді басқаратын қаржы алпауыттарының бақылауына бағынады.

*Конгломерат* – қазіргі зманғы монополистік бірлестіктер нысандарының бірі. Алғаш рет 1960 жылы АҚШ-та пайда болды. Басты фирманың қызмет өрісімен өндірістік және технологиялық байланысы жоқ ірі корпорациялардың салаға кіруіне негізделген бірлестік.

*Холдинг-компания* – құрамына кіретін кәсіпорындардың акцияларының бақылаушы пакетке ие болатын бірлестік. Холдингке кірген кәсіпорындар өздерінің заңдық, шаруашылық, өндірістік дербестігін сақтап қалады.

*Консорциум* – бірнеше банктер немесе өндірістік кәсіпорындардың инвестициялық жобалардың ірі қаржылық және коммерциялық операцияларын жүзеге асыратын уақытша келісім.

Консорциумды ірі монополия басқарады, ол келісімге қатысушыларды таңдайды. Комиссиондық сыйақының мөлшерін анықтайды.

*Пул* – картель типті бірлестік. Пулдың айырмашылығы мұнда пайда пул мүшелеріне ерекше тәртіппен бөлінеді. Пул мүшелерінің пайдаларын ортақ қорға жинайды, одан кейін оны алдын-ала белгіленген пропорция бойынша бөледі.

*Кәсіпорындарға қажетті заттар*: материал, шикізат, қосалқы бөлшектер, құрал-жабдықтар, есептеу құралдары, ақпарат, отын, отын-энергия, жер ресурстары, ғимараттар, көлік құралдары, өндірістік және шаруашылық құрал-жабдықтар, ақша қаражаттары.

*Кәсіпорынның шығаратын заттары*: белгілі бір ассортименттегі, номенклатурадағы, көлемдегі дайын өнім, өндіріс қалдықтары, өндіріс шығындары, ақша қаражаттары.

*Кәсіпорынның құрылымы*: негізгі өндіріс, көмекші өндіріс, қызмет етуші және қосалқы бөлімдер.

*Кәсіпорын жүргізетін процестер*: ғылыми зерттеулер, жобалау, конструкциялау, дайындау, жөндеу, бақылау, қызмет ету, сақтау, тасымалдау, түптеу, орау, басқару.

*Кәсіпорынның басқару қызметтері*: статистика, есеп, талдау, жоспарлау, шешім қабылдау, ынталандыру, бақылау, реттеу.

*Кәсіпорындардың ұйымдастыру қызметтері*: нормалау, оперативтік жоспарлау, диспетчерлеу, басқару функциясын орындау, ресурспен қамтамасыз ету, жұмыс орындарын жоспарлау, ыңғайлы жұмыс жағдайларын жасау, дайын өнімді сату.